

**Қазақстан Республикасының почта-жинақтау жүйесін дамытудың 2005-2011 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қазандағы N 1077 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.04.14 № 302 Қаулысымен.**

**Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.01.26 N 48 Қаулысымен.**

"Почта туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңының 8-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының почта-жинақтау жүйесін дамытудың 2005-2011 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) б е к і т і л с і н .

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.01.26 N 48 Қаулысымен .**

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен мүдделі ұйымдар Бағдарламада көзделген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі жыл сайын жарты жыл және жыл қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы а қ п а р а т ұ с ы н с ы н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ө.Е.Шөкеевке жүктелсін.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.01.26 N 48 Қаулысымен .**

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы

2 0

қ а з а н д а ғ ы

N 1 0 7 7

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "2010" деген сандар "2011" деген сандармен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2009.01.26 N 48 Қаулысымен.

## Қазақстан Республикасының почта-жинақтау жүйесін дамытудың 2005-2011 жылдарға арналған бағдарламасы

Астана қаласы, 2004 жыл

### Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы Қазақстан Республикасының почта-жинақтау жүйесін дамытудың 2005-2011 жылдарға арналған бағдарламасы

Әзірлеу үшін негіздеме "Почта туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңы ;

"Қазақстан Республикасының почта-жинақтау жүйесін дамытудың 2005-2011 жылдарға арналған бағдарламасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің 2004 жылғы 5 мамырдағы N 131 - ө ө к і м і ;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру

жөніндегі іс-шаралар жоспарының 4.15-тармағы

Негізгі әзірлеуші Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері Бағдарламаның негізгі мақсаты халыққа және экономиканың нақты секторына халықаралық стандарттар деңгейінде көрсетілетін

почта-жинақтау жүйесінің қызметтеріне еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету болып табылады. Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

почта-жинақтау жүйесін жаңғырту және қазіргі заманғы технологияларды енгізу үшін экономикалық жағдай жасау; почта-жинақтау жүйесінің өңірлік инфрақұрылымының техникалық жағынан

жайластырылу деңгейін әсіресе селолық жерлерде  
к ү ш е й т у ;  
клиенттердің қажеттіліктеріне бағдарланған  
жоғары технологиялы қызметтерді енгізу есебінен  
почта-жинақтау жүйесі ұсынатын қызметтер  
с п е к т р і н к е ñ е й т у ;  
почта-жинақтау қызметтерінің сапасын  
халықаралық стандарттар деңгейіне дейін көтеру.

Қажетті  
ресурстар және  
қаржыландыру  
көздері

Бағдарламаны іске асыруға Ұлттық почта  
операторының жарғылық капиталын ұлғайтуға  
республикалық бюджеттен 10,8 млрд. теңге, оның  
ішінде 2005 жылы - 1,4 млрд. теңге, 2006 жылы -  
2,0 млрд. теңге, 2007 жылы - 2,4 млрд. теңге,  
2008 жылы - 2,0 млрд. теңге, 2009 жылы - 1,0  
млрд. теңге, 2010 жылы - 1,0 млрд. теңге, 2011  
жылы - 1,0 млрд. теңге мөлшерінде қаражат қажет.  
2005 - 2011 жылдарға болжамды қаржы шығыстарын  
нақтылау тиісті кезеңге арналған "Республикалық  
бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына  
сәйкес жүзеге асырылатын болады

Бағдарламаны  
іске асырудан  
күтілетін нәтиже

Қазақстанда елдің барлық аумағын қамтитын  
халықаралық стандарттар деңгейіндегі  
почта-жинақтау қызметтеріне еркін қол  
жетімділікті қамтамасыз етуге қабілетті, тиімді  
желілік инфрақұрылым құрылатын болады.  
2011 жылға Ұлттық почта операторының курьерлік  
қызмет рыногындағы үлесін 30% дейін,  
зейнетақылар мен жәрдемақыларды жеткізу қызмет.  
тері бойынша - 60% дейін, жалақы мен басқа да  
ақшалай төлемдер төлеу бойынша - 15% дейін,  
коммуналдық, салық және өзге де төлемдерді  
қабылдау бойынша - 10% дейін, лездік почта  
аударымдары бойынша - 22% дейін ұлғайту  
жоспарланып отыр. 2011 жылдың соңына дейін  
мерзімді басылымдарға жазылуды 1,9 есеге, хаттар  
мен бандерольдерді жеткізуді - 4,7 есеге,  
сәлемдемелерді жіберуді - 3 есеге ұлғайту  
жоспарланып отыр. 2011 жылдың аяғына дейін  
компанияның таза кірісін шамамен 4 есеге, еңбек

өнімділігін - 2,8 есеге, ал айлық орташа жалақыны  
- 4,2 есеге ұлғайту болжануда.  
2011 жылдың соңына дейін құрылыс есебінен өзінің  
почта байланысы желілерін көбейту арқылы ауылдық  
жерлерде почта байланысы бөлімшелерін күрделі  
және техникалық жайластыру деңгейі 25,7 %-ға;  
ауылдық жерлерде Интернетке қоғамдық қолжеткізу  
пункттерінің желісі 142 бірлікке; жоғары сапалы  
деңгейде көрсетілетін почта-қаржы қызметтерінің  
кеңейтілген түр-түрімен ауыл тұрғындарын қамту

2 есеге артады

Іске асыру  
мерзімдері

2005-2011 жылдар

Ескерту. 1-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.01.26. N 48  
Қаулысымен.

## 2. Кіріспе

Осы Бағдарлама "Почта туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңына, "Қазақстан Республикасының почта-жинақтау жүйесін дамытудың 2005-2011 жылдарға арналған бағдарламасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 5 мамырдағы N 131-ө өкіміне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 4.15-тармағына сәйкес әзірленді.

Аумағының ауқымдылығын, халық тығыздығының төмендігі мен біркелкі еместігін, елді мекендердің бір-бірінен шалғай орналасқандығын, сондай-ақ ауыл халқының төлеу қабілетінің төмендігін қоса алғанда, Қазақстанның географиялық және экономикалық-демографиялық ерекшеліктері ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына теріс әсер етеді. Қаржы-банк құрылымдарының болмашы қатысуы негізінен ауылдық елді мекендердің жалпы санының 5%-ынан азын қамтитын аудандық деңгейлерде шоғырланған ауылдық жерлерде ел халқының 43%-ы, тұратындығын ескерсек, Қазақстан экономикасын одан әрі қайта құру ауылдың қаладан өмір сүру деңгейі мен жағдайлары бойынша артта қалу проблемаларын шешуге, сондай-ақ ауыл халқының өмір салтындағы теріс өзгерістерді жеңуге бағытталады.

Осыған байланысты, 2000 жылдан бастап почта саласы оның қызметін әртараптандыруға және Қазақстан халқының қалың бұқара топтарына аумақтық

және бағалық қол жетімділік қағидаттарындағы почта мен банк қызметтерінің жекелеген түрлерін көрсетуді көздейтін почта-жинақтау жүйесін қалыптастыруға бағытталған реформалауға ұшырады.

Қазіргі кезде Қазақстанда почта-жинақтау жүйесін қалыптастыруға арналған құқықтық және ұйымдастырушылық негіздер жасалған. "Почта туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңына және басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес почта-жинақтау жүйесі қызметін дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты жүргізуші ретінде ("Қазпочта" акционерлік қоғамы (бұдан әрі -("Қазпочта" АҚ) тұрғысында Қазақстан Республикасының Ұлттық почта операторы (бұдан әрі - Ұлттық почта операторы ) белгіленді. Заңнамаға сәйкес Ұлттық почта операторы почталық қызметтермен қатар Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің лицензиялары негізінде қаржы қызметтерін жүзеге асыру және қаржы қызметтерін көрсету құқығын алды. Мұндай шешім мынадай факторлар негізге алына отырып қабылданды: "Қазпочта" АҚ-та іс жүзінде елдің бүкіл аумағын қанағаттандыратын, 617-і қалаларда және 278-і - ауылдық жерлерде орналасқан 3385 бөлімшені қамтитын ең тармақталған почта бөлімшелері желісінің; ақпараттық және ақша ағымдарының қалыпқа түскен жүйесінің болуы; мемлекет Қоғамның бірден-бір құрылтайшысы және қатысушысы болып табылады.

Почта-жинақтау жүйесін қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды және оларды халықаралық стандарттар бойынша ұсынуды қарастыратын сапалы жаңа деңгейде одан әрі дамыту үшін мынадай кезеңге өту қажет: почта-жинақтау қызметтері рыногында Ұлттық почта операторының тұрақты жұмыс істеуіне арналған инвестициялық және экономикалық қолайлы жағдай жасау.

Бірақ, Қазақстан Республикасында почта саласын қайта реформалау процесінде "Қазпочта" АҚ құру кезінде мемлекет почта-жинақтау жүйесін қалыптастыруға арнап тиісті қаржылық қаражат бөлінбеді: бастапқыда Қоғамның жарғылық капиталы тек ғимараттар мен жабдықтар түрінде қалыптастырылды. Бұл жағдай Почта байланысының республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жинақтаушы зейнетақы қорларына, жалақы мен салықтар бойынша 1993-2000 жылдар кезеңінде жинақталған жалпы сомасы 140,0 млн. теңге берешегімен сипатталатын аса ауыр қаржылық жағдайымен қиындай түсті. Өткен жылдарда жинақталған шығындардың сомасы көрсетілген кезеңде 250,6 млн. теңгені құрады.

Қаржыландырудың болмауы материалдық-техникалық базаға теріс әсерін тигізді, оның тозуы 45%-дан асты. Почта қызметінің ерекшелігі негізгі қаражаттың елеулі бөлігінің іске қосылғандағынан және оларды ұстауға қаржы ресурстары бөлінетіндігінен ескерсек, мұндай жағдай түбегейлі шешімдерді

қ а ж е т

е т е д і .

Жоғарыда көрсетілген факторларды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының почта саласын дамытудың және почта-жинақ жүйесін қалыптастырудың 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 қарашадағы N 1716 қаулысымен бекітілген салалық бағдарламаның 2003 жылы орындалғанын ескерсек, онда мақсаттары, іске асыру жолдары мен тетіктері айқындалатын Қазақстан Республикасының почта-жинақтау жүйесін дамытудың 2005-2011 жылдарға арналған бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) әзірлеу қажеттілігі туындады.

Бағдарламада көзделген мақсаттарға қол жеткізуге арналған почта-жинақтау жүйесін дамыту стратегиясы мемлекеттік саясаттың мынадай қағидаттарына с ү й е н е т і н б о л а д ы :

почта-жинақтау жүйесін дамыту үшін тиімді құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық тетіктерін іске асыру;

қала мен ауыл арасындағы почта-жинақтау қызметтеріне қол жетімділік деңгейдегі алшақтықты қысқартуға мемлекеттің жәрдемдесуі;

почта-жинақтау жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге бағытталған тиімді мемлекеттік саясат жүргізу.

Ұлттық почта операторының бәсекеге қабілеттілігін күшейту тұтастай алғанда почта саласын дамытуға ықпал ететін және почта рыногының барлық сегменттерін халықтың және нақты экономика секторының еркін бәсеке жағдайында сапалы почта қызметтерін алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыратын халықаралық стандартқа сәйкес келтіруге жәрдемдесетін болады.

### **3. Қазақстандағы почта-жинақтау қызметтер рыногының қазіргі жай-күйін талдау және проблемалар**

#### **3.1. Рыноктың жағдайы**

Қазақстан Республикасының почта саласын дамытудың және почта-жинақтау жүйесін қалыптастырудың 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру почта саласын тұрақтандыруға және почта-жинақтау жүйесін қалыптастыру үшін алғышарттар жасауға ықпал етті.

2000-2003 жылдар кезеңінде почта алмасулар өсімінің оң өзгерістеріне қол жеткізілді. Мәселен, мерзімді басылымдар көлемінің өсуі 39,8%, жедел почта - 90,7%, жазбаша хат-хабарлар - 10,9% құрады. Баршаға қолжетімді санатқа жататын жай хаттар, почта карточкалары мен бандеролдерді қоса алғанда жазбаша хат-хабарлар салу көлемдерінің өсуі почта қызметтерінің осы сегменттеріндегі құлдыраудың жойылғандығын сипаттайды. "Почта туралы"

Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекет оларды ұсыну жөніндегі міндеттемелер Ұлттық почта операторына жүктеді.

Қаржы секторында көрсетілетін қызметтер көлемі бірқатар елеулі түрде өсті. Мәселен, ақша аударымдарының көлемі - 11,4%, коммуналдық төлемдер мен салықтар қабылдау - 11 есе, жалақы төлеу - 185,4 есе, темір жол көлігімен жөнелтілетін жіберілетін күнделікті жүк ағымдары - 2 есе, әуе көлігімен жөнелтілетіндері - 3,25 есе өсті.

1-кесте

### Ұлттық почта операторының почта-жинақтау қызметтерінің динамикасы

Көрсеткіш атауы	Өл. шем	2000 ж.		2001 ж.		2002 ж.		2003 ж.	
		бірлігі	саны	Алдыңғы жылы	саны	Алдыңғы жылы	саны	Алдыңғы жылы	саны
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Мерзімді басылымдар	млн.	65,1	100,3%	82,4	126,6%	93,6	113,6%	91,0	97,2%
Жазбаша хат-барлар	млн.	14,6	98,0%	14,7	100,7%	15,1	102,7%	16,2	107,3%
Сәлемдеме	млн.	1,2	133,3%	1,3	108,3%	1,2	92,3%	1,2	100%
Жедел почта қызметтері	млн.	170,4	8 есе	277,0	162,6%	243,0	87,7%	325,0	133,7%
Ақша аударымдары	млн.	0,7	116,7	0,72	102,9	0,7	97,2%	0,78	111,4%
Зейнет ақы төлеу	млрд.	23,5	3 есе	57,3	2 есе	70,9	123,7	93,4	131,7%

Депозит. тер кабылдау	млн. теңге	363,1	40 есе	735,5	2 есе	753,7	102,4	1381,0	183,2	%
Жалақы төлеу	млрд. теңге	0,14	-	10,4	74 есе	19,9	191,3	25,96	130,5	%
Коммунал. дық лемдер кабылдау	млрд. тө.	1,5	18 есе	2,0	133,3%	2,5	125,0%	11,3	4 есе	%
Салық кабылдау	млрд. теңге	-	-	1,4	-	3,8	2 есе	5,4	142,1%	
Ақша инкассациясы	млрд. теңге	43,3	33 есе	91,0	2 есе	141,6	155,6%	184,7	130,4	%

Қазақстанда почта-жинақтау қызметтер рыногын сипаттау үшін оның кейбір сегменттерін қарастырайық.

Қазақстанның курьерлік қызмет көрсету рыногында 30-дан астам компаниялар, соның ішінде мынадай халықаралық ірі компаниялар "DHL", "FedEx", "TNT", "UPS", "OCS", "Pony Express", сондай-ақ Қазақстанның жекелеген облыс орталықтарында қызметтен ұсынатын бірқатар отандық компаниялар бар. Аталған компаниялар өз қызметін Қазақстанда 7-8 жыл көлемінде жүзеге асырып жүр және Ұлттық почта операторына елеулі бәсекені құрайды.

Бүгін баспа өнімдерін тарату бойынша қызметтер рыногында Ұлттық почта операторынан басқа мынадай "Аргументы и факты" ЖШС БК, "Евразия пресс" ЖШС, "Эврика-пресс" ЖАҚ, "Дауыс" БТММ АҚ, "Бико" ЖШС, "Бурда-Алатау пресс" ЖАҚ сияқты баламалы құрылымдар, сондай-ақ жекелеген облыс орталықтарында қызмет көрсететін басқа да компаниялар жұмыс істеуде. Облыстық газеттер редакцияларында Ұлттық почта операторының облыстық филиалдарына бәсекелестік тудыратын, жергілікті газеттерді таратып қана қоймай, республикалық және ресейлік басылымдарды да тарататын бөлімшелер құрылған. Егер буындары баламалы құрылымдар қабылдайтын жазылымдар Ұлттық почта операторының филиалдары арқылы жеткізілсе, бүгінде осындай басылымдарды жеткізетін жекеменшік қызметтер құрылуда. Бұл ретте Ұлттық почта операторы басылымдар мен жазылымдарды тарату бойынша қызмет көрсету рыногының ең ірі субъектісі болып қала береді: оның еншісінде республикада таратылатын мерзімді жазылымды басылымдар тираждарының 85%-ға жуығы, оның ішінде 42%-ы шалғай ауылдық және шекаралық



аудандарды қоса алғанда, Ұлттық почта операторы ауылдық жерлерге жеткізетін республикалық мерзімді басылымдар.

Соңғы жылдары ақша аударымдар рыногы үдемелі түрде өсуде. Рыногтың негізгі қатысушылары - Western Union, MoneyGram, Contact (АКБ "Русславбанк" - Ресей Федерациясы) және Анелик ("Банк Анелик" ЖШБ - Армения). Қазақстан рыногына Travelex Worldwide Money Ltd халықаралық аударымдар жүйесі қызығушылық танытуда. Қазақстандық қатысушылар арасында мынадай екінші деңгейдегі банктер бөлініп шығуда: ЦентрКредит Банкі, Қазақстан Халық Банкі, Каспийский Банкі және басқалар. Бұл рыноқта Ұлттық почта операторының еншісі 1%-дан төмен, бірақ ол кеңейтілген өңірлік желісінің болғандығынан жоғары даму потенциалына жетуде. Оған мынадай цифрлар дәлел бола алады: соңғы бес жыл ішінде Қазақстан аумағында орналасқан коммерциялық банктер мен есеп-айырысу кассалық бөлімшелер саны тиісінше 91 және 266 бірлікке, филиалдардың тармақталған желісі және жинақтау қызметтері мен зейнетақы төлеу бойынша ұзақ тәжірибесі бар Халық банкінде - 14 және 743 бірлікке қысқарды. Қазіргі уақытта әлеуметтік төлемдер рыногындағы Халықтық жинақ банкінің еншісіне 51%, Ұлттық почта операторына - 47%, екінші деңгейдегі банктер еншісіне 2% тиеді. Бұл ретте республиканың ауылдық елді мекендерінде төлемдердің 100%-ын Ұлттық почта операторы жүргізеді.

Қазақстандағы депозит рыногын дамыту және оған ауылдық жерлердегі тұрғындарды тарту мақсатында "Почта туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Ұлттық почта операторының шұғыл депозиттерге тартқан халық салымдарының сақталуы мемлекеттік бағалы қағаздарға және басқа да өтімді қаржы құралдарына орналастыру жолымен мемлекет арқылы қамтамасыз етіледі. Бірақ, бұл қызметке қол жетімділіктің кеңеюіне қарамастан, Ұлттық почта операторының жүйесіне орналастырылған салымдар үшін төленетін сыйақы деңгейінің төмендігі депозиттік қызметтердің тартымдылығына кері әсерін тигізеді, ол банктік секторда орналастырылған, депозиттердің жалпы сомасының шамамен 1% құрайтын, олардың азын-аулақ үлесімен расталады.

Осылайша, Қазақстандағы почта-жинақтау рыногы тек қана қалалық деңгейдегі бәсекелестіктің жоғары деңгейімен сипатталады. Ауылдық жерлерде Ұлттық почта операторы почталық және қаржылық қызметтер рыногының іс жүзіндегі бірден бір қатысушысы болып табылады, бірақ почталық инфрақұрылымның және телекоммуникациялық технологиялардың жетілмегендігі оларды сапалы түрде көрсетуге мүмкіншілік бермейді.

Жүргізілген талдау көрсеткендей почта-жинақтау қызметтерін сапалы түрде көрсетуде ауыл мен қала арасында алшақтық проблемасы байқалады, оның коммерциялық компаниялардың рыноктың тартымды бөліктерінің басып алуы мен өз қызметін көбінесе ауылдық жерлерде жүзеге асыратын, Ұлттық почта

операторы үшін бәсекелестіктің тең емес жағдайында мемлекеттің реттеуінсіз күшейіп кетуі мүмкін. Осыған байланысты осы Бағдарлама почта-жинақтау рыногында Ұлттық почта операторының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

### **3.2. Почта-жинақтау қызметтері дамуының шетелдік тәжірибесі**

Рыноқтың ырықтандырылуымен, сондай-ақ технологиялық эволюцияның халықаралық деңгейдегі құрылымдық өзгерістеріне байланысты әлемдік және аймақтық шеңбердегі (тиісінше кірістердің де) почта алмасуларының күрт төмендеуі жағдайында почта индустриясын дамытудың жаңа стратегиясын жасап шығару қажеттілігі 2002-2004 жылдарға Пекиндік почта стратегиясын бекіткен 1999 жылғы тамыз-қыркүйек айларында өткен Дүниежүзілік Почта Ұйымының XXII Конгресінде жарияланған болатын. Осы стратегияның негізін қалаушы қағида ретінде әр түрлі қызмет түрлерін, бірінші кезекте рыноққа бейімделген, қаржылық қызметтерді енгізу, және почта қызметінің сапасын көтеру қабылданған болатын.

Әр түрлі қызметтерді қосу түрлі экономикалық даму деңгейіндегі көптеген елдерде оң нәтижелерге алып келді. Ұлттық заңнамалық ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі елдер почталық институттарға қосымша ретінде почталық банктерді құру нұсқасын қалай таңдаса, филиалдық желі негізінде почталық, қаржылық және агенттік қызметтердің тікелей үйлесуін де солай таңдайды.

Осылайша, Францияда көрсетілетін қызметтер аясы почталық қызметтерден басқа, бірқатар банктік қызметтерді, соның ішінде, ипотекалық несиелеу, логистика қызметтері және өзге де қызметтерден тұрады. Германияда - аударым операциялары, есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету, несиелеу, лизинг, электрондық коммерция, депозиттер қабылдау, логистика қызметтері. Италияның почталық саласын осындай жолмен реформалау почта әкімшілігіне 2000 жылдың 1 жартыжылдығында-ақ жедел қызметтердің теріс нәтижесінің анағұрлым (336-дан 19 млрд. лирге дейін) төмендеуіне алып келді. 7 миллионнан астам адамдардың есепшоттары орналасқан, Нидерландының почта-жинақтау жүйесі елдің барлық төлемдерінің 50%-дан астамын жүзеге асырады және де аса ірі қаржы қызметтерін көрсетушілердің бірі болып табылады.

Жапонияда почталық, қаржылық және сақтандыру қызметтерінің бір мекеме аясында бірегей үйлесуі іске асырылған. Жапонияның почта-жинақтау жүйесі әлемдегі аса ірі қаржы мекемелерінің бірі болып саналады, оның бірден-бір артықшылығы елдің әрбір елді мекенінде болуы. Оның желісі шамамен 150 мыңдай адам жұмыс істейтін, 24 100 почталық бөлімшелерді құрайды. Жапондық почта-жинақтау жүйесі елдің депозиттік жинақ рыногының шамамен 20%-на қызмет көрсетеді. Халықтың депозиттері 253 триллион йеннен аса немесе 2,2 триллион АҚШ долларын құрайды.

Швейцарияның қазіргі заманғы почта қызметінің басым бағыттарына мынадай төрт сектордағы қызметтер жатады: қаржылық, көліктік, почталық жөнелтілімдер және логистика. Қаржылық секторда қызмет нақты қызметтерді қарастыратын банктермен келісім негізінде жүзеге асады. Қазіргі уақытта елдегі төлемдердің 2/3-сі почта арқылы жүзеге асырылады, шоттардың саны шамамен 2,3 млн. бірлікті құрайды. Негізгі қаржылық қызметтер спектріне депозиттер, сақтандырудың түрлі үлгілері, ссудалар кіреді. Соңғы кездерде енгізілген қызметтердің бірі ипотекалық несиелеу болып табылады.

Қытай почтасы жазбаша хат-хабарлар, почталық сәлемдемелер мен аударымдар, мерзімдік баспа басылымдарына жазылу, оларды жеткізу және филателия қызметі сияқты дәстүрлі қызметтерді көрсетумен қатар, EMS жөнелтілімдерін, басымдылықты почта, электрондық почтаны жеткізуге, почталық жинақтаушы касса қызметін дамытуға, және агенттік қызметтерді көрсетуге кірісті. Қытайдың почта саласын реформалау кезінде почталық жинақтаушы кассасы және почта арқылы төлем қызметі (ақша аударымдары) сияқты банктік қызметтерді дамытуға басты назар аударылады.

2000 жылы почтаны реформалаудың әлемдік беталысы Қазақстан Республикасына жетті. Қазақстан советтік кезеңнен кейінгі кеңістіктегі тиімділігі шетелдік тәжірибемен және отандық почта операторының қол жеткізген нәтижелерімен расталатын почта-жинақтау моделінің негізін қабылдаған бірінші е л б о л д ы .

ТМД және Балтық елдері осы жолмен почта саласын дамытуды бастады.

Шетелдердегі почта саласын реформалау, мемлекеттің қолдауымен, ұлттық операторларды қаржыландыруға жәрдемдесе отырып, жүзеге асырылғандығын айта кеткен жөн.

### **3.3. Ұлттық почта операторының қазіргі жай-күйі**

2000 жылдан бастап қызметтің әртараптандырылуы соңғы он жыл ішінде қалыптасқан дағдарыстан компанияның шығуына ықпалын тигізді. Осылайша, 2000 жылдан бастап 2003 жылға дейінгі аралықта өндірістік процестердің технологиялық тізбесінің қалпына келуіне және почта желісінің қысқару беталысының тоқтауы мен почта айырбасының төмендеуі тоқтатылды және оның өсу динамикасы белгіленді. Қаржы қызметтерін көрсету қарқынды дамумен сипатталып, қаржылық ағымдарды басқару жүйесін жетілдірумен бірге жүрді. Бұл 2003 жылы 2000 жылмен салыстырғанда қаржылық нәтиженің 60 есе - 2,2 млн. теңгеден 131,3 млн. теңгеге артуына, ал жиынтық табыстардың - 1,5 есе өсіп , 5003,1 млн. теңгені құрауына мүмкіндік берді. Бірақ, қол жеткізген оң нәтижелер өзекті мәселелердің шешілуін қамтамасыз ете алмайды.

Негізгі қорлардағы ғимараттардың басым бөлігіне және оларды ұстауға кететін шығыстың жоғары деңгейінде айқындалатын почта байланысы

саласының ерекшелігін ескере отырып, Ұлттық почта операторының таза табысының көлемі қатардан шыққан негізгі құралдарды қалпына келтірудегі қажеттіліктерді ғана жаба алады және де желілік инфрақұрылымның дамуына қаражаттарды шоғырландыруға мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты, осы Бағдарлама белгіленген іс-шаралардың жүзеге асырылуы мемлекеттің қатысуынсыз бір он жылдыққа созылып ғана қоймай, нәтижесінде мемлекеттік деңгейдегі өзекті әлеуметтік маңызды жобаларды таратуда, аймақтық желілердің тиімді әрекеттену мүмкіндігі әлсірейді.

Почта-жинақтау жүйесінің жұмыс істеуі мынадай ішкі және сыртқы мәселелермен жана сады:

нарықтық экономикаға өту кезеңіндегі халықтың төлем қабілетінің төмендеуі почталық алмасудың күрт төмендеуіне және почталық қызметтің шығындылығына алып келді;

тұрғындар саны аз елді мекендерде өмір сүретін ауыл тұрғындарының маңызды үлесі қалалық және ауылдық деңгейдегі байланыс қызметін көрсетудің күрт үзілуіне алып келді;

электробайланыс саласының құрамындағы почта байланысын қаржыландырудың қалдық принципі материалдық-техникалық базаның күрт төмендеуіне алып келді;

қазіргі заманғы технологиялардың дамуы мен балама байланыс құралдарының пайда болуы почта қызметтерін тұтынушылар сұранысының төмендеуіне ықпалын тигізді;

почта байланысының көлікті пайдалануға және аймақтық желілерді ұстауға кететін тауарлық-пайдалану шығындарының жоғары деңгейі аумағының ауқымдылығы, халық тығыздығының төмендігі елдің демографиялық және географиялық ерекшеліктерінің салдары болып табылады;

автомобиль жолдарының қанағаттандырылғысыз жағдайы автомобиль көлігімен ауданаралық, аудан, қала ішіндегі маршруттарға қызмет көрсету шығысының қымбаттауына алып келді;

жалпы почта саласы бойынша төлем төлеудің төмен деңгейіне және қаражаттың үнемі жетіспеушілігіне байланысты еңбек мотивациясының төмендігі кәсіби персоналдардың жұмыстан кетуіне және жұмыс сапасының төмендеуіне әкелді.

Осы бөлімде шешілуі Қазақстанның почта-жинақтау жүйесінің дамуын қамтамасыз ете алатын бірқатар мәселелер белгіленген.

#### Т а р и ф т і к с а я с а т с а л а с ы н д а

Почта-жинақтау қызметтері рыногын талдау қалалық жерлерде оның динамикалық дамуымен байланысты қызметтерге баға сұраныс пен ұсыныс арқылы реттелетінін, олардың өзіндік құны деңгейінің мейлінше төмен екендігін

к о р с е т т і .

Ауылдық жерлерді басқа жағдай қалыптасуда. Елді мекендердің ара қашықтығының үлкендігі мен ауыл тұрғындарының тығыздығының төмендігінен оларды ұсынудың өзіндік құны анағұрлым жоғары.

Бағаларын мемлекет реттейтін әлеуметтік маңызды қызметтер көрсететін Ұлттық почта операторы оларды ауылдық жерлерде көрсетуден көбінесе шығынға ұшырайды, өйткені қалалық және ауылдық жерлерде көрсетілетін қызметке қызмет көрсетудің өзіндік құнындағы айырмашылықты есептемейтін орташаландырылған ставкалар бойынша, не нақты өзіндік құнынан төмен б е л г і л е н г е н .

Салыстыру үшін, Ресей Федерациясында зейнетақы мен жәрдемақы төлеу бойынша баға төлем сомасының 1,5%-ын құрайды, Өзбекстанда - 1,4%, Украинада қалаларда - 0,9, аудан орталықтарында және ауылдық жерлерде - 1,8% , Белоруссияда қалаларда - 1,2%, аудан орталықтарында - 2,4%, ауылдық жерлерде - 2,4%, Қазақстанда - қалада - 0,4%, ауылдық жерлерде - 0,84%.

Бұл факторлар жаңғыртудың жиынтық бағдарламаларын іске асыру мүмкіндігіне және істен шыққан жабдықтың ауыстырылуына кері әсерін тигізеді, қызметкерлердің еңбек мотивациясының төмендеуіне және қызмет көрсету сапасының төмендеуіне әкеп соғады.

Почта қызметінің технологиялық жүзеге асырылуы табиғи монополия субъектісі болып табылатын және тасымалдау бағасы монополияға қарсы ведомствомен реттелетін, темір жол көлігімен почталық жөнелтілімдерді жеткізу үшін ұлттық тасымалдаушының қызметін пайдаланумен байланысты. Қалыптасқан практика вагондардың жүріп өтуіне Ұлттық тасымалдаушының тарифтерін арттыру Ұлттық почта операторы үшін монополияға қарсы ведомство белгілейтін почта байланысының баршаға қолжетімді тарифін бір уақытта арттырылуымен қоса жүрмейтінін көрсетті. Осылайша, Ұлттық почта операторының баршаға қолжетімді қызметкерін көрсету бойынша шығыстары өтелмейді, бұл оператордың қаржылық жағдайының төмендеуіне әкеліп с о қ т ы р а д ы .

Ұшақтардың бортына почтаны тиеудің белгіленген кепілдендірілген төмен нормалары нақты көлемдерге сәйкес келмейді. Сонымен қатар, ішкі әуе тасымалдау бағасының жоғарылығы халыққа почта байланысының баршаға қолжетімді қызметтерін көрсету бойынша Ұлттық почта операторының ш ы ғ ы с т а р ы н ж а п п а й д ы .

Почталық қызметтер аясында қолданыстағы тарифтік саясат проблемасы әрбір қызмет түріне өзіндік құнның нақты деңгейін белгілеуге мүмкіндік беретін шығындардың бөлектеп есепке алуының жоқтығымен қиындатылған. Осыған



саласы ауылдық жерлерде шоғырланғанын ескере отырып (80%-дан астам бөлімшелер ауылдық елді мекендерде орналасқан) ауылдық желіні компьютерлендіру және жаңаша бағдарламалық қамтамасыз етуді қондырудың өткір проблемасы алда тұр.

Негізгі құралдардың көпшілігінің тозуы және техникалық прогрестен анағұрлым артта қалуы қызмет көрсету сапасының төмендеуіне және клиенттердің кетуіне түрткі болды.

Бүгінгі күні тасымалдау жиілігінің ұлғаюымен байланысты почталық жөнелтімдердің және ақша төлемдерін жеткізу мерзімінің қысқаруымен, мерзімдік баспа басылымдарын шыққан күні жеткізуді қамтамасыз етумен және басқалармен байланысты проблемалар бар.

#### Қызметтер ұсыну сапасы саласында

Почта-жинақтау қызметтеріндегі қоғамдық қажеттіліктер халықтың барлық бөліктерінің және бизнес-құрылымдардың қызметіне еркін қол жеткізуді қамтамасыз ететін құптауға лайық деңгейдегі ұлттық желі құру және қолдау қажеттілігін таңдады. Бұл халықтың тығыздығына және елді мекендер арасындағы ара қашықтыққа қарай өндірістік нысандарды орналастырудың белгілі бір нормативтерінің болуын, әмбебап қызметтер тізбесін, сондай-ақ оларды көрсету сапасының параметрін анықтауды меңзейді.

Бүгінгі күнге тасымалдауды жиілетумен, почта жөнелтімдері мен ақша төлемдерін жеткізу мерзімдерін қысқартумен, мерзімдік баспа басылымдарын баспадан шыққан күні жеткізуді қамтамасыз етумен байланысты проблемалар бар.

Қазіргі уақытта көптеген облыстардың аудан орталықтарында газеттерді жеткізу тек 2-3 күндері, ал ауылдық елді мекендерде баспадан шыққан кейінгі 3-4 күндері жүргізіледі. Мерзімді баспа басылымдарын жеткізу жиілігі: облыс орталықтарында - аптасына 6 рет, аудан орталықтарында - аптасына 3 рет, ауылдық елді мекендерде - аптасына 2 рет. Орталықсыздандырылған баспа пункттері желілерінің дамымай қалуы ауылдағы мерзімдік баспа басылымдарының уақытылы шығу және жеткізу проблемасын тереңдете түседі.

Ауылдық жерлерге тасымалданатын ақша қаражаттарының көлемінің өсуі олардың қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз ету проблемасын күшейтеді. Сонымен қатар, ауылдық елді мекендерді телефондандыру деңгейінің төмендігі ақпаратты таратудың автоматтандырылған процестерін енгізуді қиындатады.

Почта қызметтері сапасының төмендеуіне көп қабатты тұрғын үйлердің кіре берістеріне орналастырылған, көпшілігі жарамсыз жағдайға ұшыраған абоненттік почта жәшіктерінің ағымдағы жай-күйі де септігін тигізді. Бұрын абоненттік жәшіктер үйді басқару, тұрғын үй пайдалану кеңселерінің (ТҮПК) балансында болатын, оларға техникалық қызмет көрсеткенде, жөндеу, сырлау

және ауыстыру жұмыстарын жүргізген кезде почта байланысы органдарының жұмысына ақы төленетін. ТҮПК құлдырауымен почталық абоненттік жәшіктерді орналастыру, пайдалану және ұстау мәселелері қолданыстағы заңнамада көрініс таппады. Осыған байланысты абоненттік почта жәшіктерін орналастыруда және қызмет көрсетуде жеке меншік құқығы туралы нормаларды енгізуге қатысты "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу қажет.

Ұлттық почта операторының бөлімшелерінде көрсетілетін, почталық қызметтерді қоса, сондай-ақ жаңа қаржы қызметтері шеңберінің ұлғаюын ескере отырып, компьютерлік сауаты бар және басқару мен деректерді өңдеудің автоматтандырылған жүйелерімен жұмыс істеу дағдысы бар мамандандырылған персоналды тарту қажеттілігі туындап отыр. Бірақ, Ұлттық почта операторының білікті және кәсіби дайындығы бар қызметкерлерді тарту үшін бәсекеге қабілетті төлем деңгейін қалыптастыратын қаржы мүмкіндігі жоқ. Сондай-ақ ауылдық жерлердегі оператор қызметінің тиімсіздігі қызметкерлердің еңбегін төлеу деңгейінің төмендігіне ықпалын тигізеді және почта байланысы қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалуының әрі қарай төмендеуіне әкеліп соғады. Мамандықтың беделін көтеру және қызметкерлерді бекіту үшін почта байланысы қызметкерлерінің жалақы деңгейін көтеруге мүмкіндік беретін, қолайлы экономикалық жағдайлар құру қажет.

Сонымен қатар елдің жоғарғы оқу орындарында мамандарды дайындау проблемасы шешілмей отыр. Қазақстан Республикасының мемлекеттік және жеке білім берудің қазіргі жүйесінде почта саласындағы мамандарды дайындау қ а р а с т ы р ы л м а ғ а н .

Осылайша, құқықтық қамтамасыз етудің жетілмегендігі, әсіресе ауылдық жерлерде почталық инфрақұрылымның дамымағандығы, еңбектің төмен мотивациясы почта-жинақтау қызметтерін көрсету сапасына кері әсерін тигізеді және қала мен ауыл арасындағы олардың қол жетімділігінің ажырауын қиындатады.

### Күшті және әлсіз жақтарын бағалау

Почта-жинақтау жүйесінің әлсіз жақтарына мыналар жатады: қалалық деңгейдегі бәсекеге қабілетсіздік және ауылдық деңгейдегі жоғары шығын әкелетін қызмет; негізгі құралдардың тозуының жоғары деңгейі және жетілдіру үшін қаржы көздерінің жоқтығы материалдық ресурстарды ұстауға кететін шығынның жоғары деңгейі материалдық-техникалық базаның жетілдірілуі мен дамуы үшін негіз қалыптастыруға және жаңа технологияларды енгізуге мүмкіндік бермейді; еңбекақы төлеу деңгейінің төмендігі кәсіби мамандардың кетуіне, нәтижесінде көрсетілетін қызметтер сапасының төмендеуіне алып келеді .



Күшті жақтарына мыналарды жатқызуға болады. Бірінші кезекте, бұл халықтың қызметке қол жетімділігін қамтамасыз ететін, іс жүзінде елдің барлық аумағын қамтитын аймақтық желінің бар болуы. Екіншіден, шұғыл депозиттерге орналастырылған халықтың салымдарының бүтіндігін кепілдендіру механизмі мен Ұлттық почта операторының мемлекеттік институт ретіндегі мәртебесі почта-жинақтау қызметі рыногында оның қызметіне деген сенімді арттырады. Үшіншіден, салынған үш деңгейлік басқару жүйесі Ұлттық почта операторының барлық құрайтын буындарының қызметін оңтайландыруға және жетілдіруге үлесін қосады.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

Бағдарламаның мақсаты халыққа және экономиканың нақты секторына халықаралық стандарттар деңгейінде көрсетілетін почта-жинақтау жүйесінің қызметтеріне еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету болып табылады. Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

почта-жинақтау жүйесін жаңғырту және қазіргі заманғы технологияларды енгізу үшін экономикалық жағдай жасау;

почта-жинақтау жүйесінің өңірлік инфрақұрылымының техникалық жағынан жайластырылу деңгейін әсіресе селолық жерлерде күшейту;

клиенттердің қажеттіліктеріне бағытталған жоғары технологиялы қызметтерді енгізу есебінен почта-жинақтау жүйесі ұсынатын қызметтер спектрін кеңейту;

почта-жинақтау қызметтерінің сапасын халықаралық стандарттар деңгейіне дейін көтеру.

#### **5. Бағдарламаның негізгі бағыттары мен іске асыру механизмдері**

Мемлекеттің өңірлік саясатын қалыптастыру негізі елдің бірыңғай ақпараттық кеңістігінің тұтастық принципі болып табылады. Осыған байланысты осы Бағдарламада басымды бағыт ретінде қалалық және ауылдық деңгейдегі әлеуметтік маңызды қызметтердің қолжетімділігін, сапасын және ассортименттік қатарының деңгейін көтеру белгіленген.

Бұдан бірінші кезекте почта-жинақтау жүйесінің жабдықтары мен технологияларын жаңғырту үшін қолайлы экономикалық жағдайларды болжайды. Басқа операторларға қарағанда, почта-жинақтау қызмет көрсету рыногында Ұлттық почта операторы бірден-бір құрылтайшысы және қатысушысы мемлекет болатын акционерлік қоғам болып табылады. Осыған байланысты почта-жинақтау қызметтер рыногының теңгерімделіп дамуы үшін

осы бағдарламада Ұлттық почта операторын қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен капитализациялау жолымен жүзеге асыру болжануда.

Қолданыстағы технологиялар мен жабдықтарды жаңғырту ұсынылатын қызметтер спектрін кеңейтуге, соның ішінде жоғары технологиялық жабдықтарды, сондай-ақ Ұлттық почта операторы қызметінің сапа көрсеткіштерін күшейтуге ықпалын тигізеді. Бұл Ұлттық почта операторын өңірлік инфрақұрылымға енгізу үшін ауылдық аумақтарды, зейнетақы жүйесін, шағын және орта бизнесті, тұрғын үй құрылысы жинақ ақша жүйесін, Ұлттық банкаралық төлем карточкалары жүйесін, сондай-ақ "электрондық үкімет" жүйесін дамыту бойынша шараларды жүзеге асыруға бағытталған технологиялық қалыптасқан жобаға кіруге негіз болады.

Почталық, қаржылық және агенттік қызметтерді алуда тұтынушының сұранысын, бір байланыс бөлімшесінде қызмет көрсетілетін клиенттердің санын, халық тығыздығы көрсеткішінің бағасын, экономикалық, сондай-ақ әлеуметтік факторларды ескере отырып, Ұлттық почта операторының тиімді өңірлік желісін құру мақсатында, 2005-2011 жылдары желілерді кезең-кезеңмен дамыту қ а р а с т ы р ы л у д а .

1 кезең - 2007 жылға дейін - облыс және аудан орталықтары деңгейінде.

2 кезең - 2011 жылға дейін - 2000 астам тұрғыны бар елді мекендерде орналасқан ауылдық почта байланысы бөлімшелері деңгейінде, ал іскерлік белсенділік пен дамудың жоғары әлеуеті жағдайында - 1000 астам тұрғыны бар ж е р л е р д е н г е й і н д е .

Бұл ретте тұрғындардың саны аз елді мекендер үшін почта байланысы бөлімшелерінің алыста орналасуы, зейнеткерлердің саны, автомобиль жолдарының жағдайы және басқа да өлшемдерден шыға отырып жеке тұрғыда қ а р а у қ о л д а н ы л а т ы н б о л а д ы .

Осы Бағдарламаның алдына қойған мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін мынадай механизмдер белгіленген.

## **5.1. Ұлттық почта операторының материалдық-техникалық базасын жаңғырту және жаңаша технологияларды енгізу**

Ауылдық жерлерде почта-жинақтау қызметтеріне қол жетімділік және әр түрлілігін кеңейту мақсатында "2004-2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының селолық аумақтарын дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде селолық елді-мекендердің почта-жинақтау жүйесін дамыту" бойынша іс-шараларды жүзеге асыру көзделіп отыр. Осыған байланысты 2005 - 2011 жылдар ішінде перспективалы ауылдық почта

байланысы бөлімшелері қазіргі заманғы почта жабдықтарымен, көлік құралдарымен жабдықталатын болады, почта байланысы бөлімшелерін салу, күрделі жөндеу жүргізу және техникалық нығайтуды жүргізу жоспарлануда.

Қалалық жерлердегі почталық кеңселердің техникалық стандарттарын отандық банктердің есептесу-кассалық бөлімдерінің деңгейіне көтеру үшін "Қалаларда инфрақұрылымды дамыту" бойынша іс-шараларды өткізу жоспарланып отыр. Бұл ғимараттарды күрделі жөндеуден өткізуді және техникалық нығайтуды жүргізуді, техникалық қауіпсіздік құралдарын сатып алу және қондыруды, сондай-ақ бөлімшелерді өндірістік жабдықпен жабдықтауды болжайды.

"Магистралдық тасымалдау жүйесін жетілдіру" бойынша іс-шаралар почта жөнелтімдерін тасымалдау жүйесінің дамуына және оларды тасымалдау мерзімдерінің қысқартылуына бағытталған. Бұл почта вагондарын күрделі-қалпына келтіруді жұмыстарын жүргізуді, сонымен қатар, почта жөнелтімдерін және ақша құралдарын тасымалдауға арналған автокөлік құралдарын сатып алуды болжайды.

Жаңа қызмет түрлерін және технологияларды енгізу мақсатында "Почта-жинақтау жүйесін дамыту" бойынша іс-шараларды жүзеге асыру жоспарланып отыр, бұл компьютерлік, банктік құрал-жабдықтарды, кассалық техниканы және бағдарламалық қамсыздандыруды сатып алуды, сондай-ақ резервтік есептеу орталығын құруды болжайды.

Алға қойылған іс-шараларды жүзеге асыру почта-жинақтау жүйесінің өзін-өзі қаржыландыру және өз шығынын өзі өтеу принциптерінде әрі қарай тиімді және тұрақты дамуының негізін қалайды.

**Ескерту. 5.1-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.01.26. N 48 Қаулысымен.**

## **5.2. Тарифтік саясатты жетілдіру**

Почта операторлары үшін тең бәсекелестік жағдайларын құру мақсатында, әсіресе ауылдық жерлерде почта байланысы қызметтерін ұсынатын почта операторлары үшін баға белгілеудің оңтайлы стратегияларын құру қажет.

Осыған байланысты, почта қызметтері саласында қызмет түрлері бойынша шығыстарды жеке есепке алуды енгізу қарастырылуда. Бұл қызметтердің өзіндік құнының шын мәніндегі деңгейін анықтауға, ағымдағы шығыстарды жабу үшін кірістерді қалыптастыруға және пайда табуға мүмкіндік береді.

Темір жол көлігімен почта жөнелтімдерін тасымалдау бойынша Ұлттық

почта операторының тиімді жұмыс істеуі үшін вагондардың жүру бағасы мен почта байланысының жалпыға бірдей қызметтерінің бағасын бірдей реттеу қажет

### **5.3. Сапаның халықаралық стандарттарына көшу**

Ұлттық почта операторының сапаның жаңа стандарттарына көшу процесі өндірісті жаңғырту, басқарудың жаңа технологияларын енгізу, персоналдың кәсіби деңгейін көтеру, сондай-ақ қызметтерді дамыту және олардың жаңа түрлерін енгізумен жүзеге асады.

#### **А. Баршаға қолжетімді қызметтерді дамыту**

"Почта туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес почта байланысының баршаға қолжетімді қызметтерді тұтынушылардың жай хаттарын, почталық карточкалары мен бандерольдерін жіберу бойынша қызмет көрсетуінде белгіленеді. Қазіргі уақытта елдің барлық аумағын қамтитын кең почта желісінің бар екендігін ескере отырып, оларды ұсыну бойынша міндет мемлекет атынан жеке меншік иесі ретінде почтаның Ұлттық операторына жүктелген.

Халықтың баршаға қолжетімді қызметтерге сұранысы өсуіне ішкі факторлар - елдегі қолайлы экономикалық жағдай (халықтың төлем қабілеттігі деңгейінің өсуі, экономиканың жеке және іскерлік секторының дамуы, төмен деңгейдегі инфляция және басқалар) әсер етеді. Халықтың баршаға қолжетімді қызметтерге сұранысын әрі қарай ынталандыру үшін Бағдарлама мынадай сала ішіндегі механизмдерді жұмылдыру қажеттілігін қарастырады:

Жалпы алғанда, почта рыногындағы бәсекелестіктің дамуы баршаға қолжетімді қызмет көрсету мүмкіндігі бар баламалы операторлардың пайда болуына ықпал етеді. Бұл аталған қызметтер бойынша монополистер қатарынан Ұлттық почта операторын шығарып тастау мүмкіншілігін қарастыруға және жеке операторлардың кіруіне құқықтық жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

#### **Б. Қаржы қызметтерін дамыту**

##### **Б.1. Төлем карточкалары**

Бағдарламаны іске асыру үшін микропроцессорлық карточкаларды пайдалану арқылы бірыңғай ақысыз бөлшек төлем жүйесін құрудың жоспарлануына сәйкес төлем карточкаларының Ұлттық банкарарлық жүйесін дамыту бағдарламасын тарату үшін Ұлттық почта операторының аймақтық желісін іске қосу қарастырылуда. Бұл жалақыны, зейнетақы мен әлеуметтік жәрдемақыларды төлеу механизмін жетілдіруге; коммуналдық төлемдерді жинау, көлік және байланыс қызметтерін төлеу процесін оңтайландыруға; ақысыз есеп айырысу формасында бюджеттік (салықтық, кедендік) және де басқа міндетті жиындарды жүзеге асыруға және нақты ақша эмиссиясына шығынды қысқартуға мүмкіндік

б е р е д і .

Осы мақсатта Ұлттық почта операторына төлем карточкаларын шығаруды, оларға қызмет көрсетуді ұйымдастыру және банкоматтар мен электрондық терминалдар желісін дамыту қажет.

Бағдарламаның ойдағыдай тарауы Интернет - коммерция (Е - commerce), Электрондық әмиян (Е - cash) сияқты жаңа қызметтердің енгізілуіне және дамуына, сондай-ақ микропроцессорлық карточкалардың көмегімен ақпараттық ресурстар мен қызметтердің әртүрлі түрлеріне (медициналық сақтандыру карточкалары, электрондық жеке куәлік, бонустық карталар және т.б.) қол жеткізуге мүмкіндік туғызады.

Сонымен қатар, әртүрлі санаттағы салымшылардың талабын қанағаттандыру мақсатында салым операцияларын қосу арқылы несиелік және қолма-қол ақша төлемінсіз жүзеге асыру қызметтері қарастырылуда. Халықтың басым бөлігіне бағытталған стандартты қызметтерді таратумен қатар, Ұлттық почта операторымен дәулетті клиенттер үшін жекелей қызметтер ұсынылатын болады.

Төленбейтін қосымшалары бар микропроцессорлық карточкалардың енгізілуі деректердің бірыңғай негізінде жеке және заңды тұлғалар туралы мәліметтерді жинақтауға, ақпаратқа еркін қол жеткізу құқығын қамтамасыз ету арқылы азаматтық қоғамның дамуы үшін технологиялық алғышарттарды құру мүмкіндігін береді. Өз кезегінде Ұлттық почта операторының тармақталған өңірлік желісі "Электрондық үкімет" жобасының ақпараттық ресурстарына халықтың қолын жеткізуін ұсыну үшін пайдалануы мүмкін.

## Б . 2 . Д е п о з и т т е р

Республикадағы қалыптасқан депозиттік рыноктың талдауы, салымшылардың көбі өз қаражаттарын салу туралы шешімді қабылдау кезінде бәрінен бұрын, олардың бүтіндігі үшін қаржы институтының сенімділігін басшылыққа алатынын көрсетеді.

Елдің барлық аумағында халыққа осы қызметке қол жеткізуді қамтамасыз ету және салымшыларды әлеуметтік-экономикалық қорғау үшін "Почта туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген, Ұлттық почта операторымен тартылған, банктік механизмге балама заңды тұлғалардың салымдарының бүтіндігін қамтамасыз ету механизмі енгізілген болатын. Бұл механизм Ұлттық почта операторымен шұғыл депозиттерге тартылатын халықтың салымдарын мемлекеттік бағалы қағаздарға және басқа өтімді қаржы құралдарына орналастыру жолымен олардың бүтіндігін мемлекет арқылы қамтамасыз етуін қ а р а с т ы р а д ы .

Ұлттық почта операторына почта-жинақтау жүйесінде де, сондай-ақ жалпы

қаржы рыногында да пайда болатын қауіп-қатерді ескере отырып, банктік қызметтерге шектеулі қолжетімдігі бар тұлғалар үшін қаржы қызметтерін көрсету жүйесін жетілдіру қажет.

#### В. Агенттік қызметтер

Елдің барлық аумағын қамтитын Ұлттық почта операторының желісі, "тауар-почтамен", сақтандырудың бірқатар түрлері, зейнетақы келісімдерін бекіту, басқа қаржы институттарымен, сондай-ақ Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің агенті ретіндегі, тұрғын үй құрылыс жинақтарының жүйесі арқылы берілген қарыздарды беру және жабу сияқты агенттік қызметтер түрлерін халықтың басым бөлігіне ұсыну үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Осындай қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз ету жоспарында әлеуметтік маңызды жобалардың ойдағыдай таратылуы, сондай-ақ әртүрлі деңгейлерде басқару органдарымен құрылатын, шағын бизнес субъектілерін және халықты микронесиелендіру қорларына, банктік ресурстар мен қызметтерге агенттік бастамаларда почта-жинақтау жүйесінің желілік инфрақұрылымының қосылу тиімділігін растайды.

#### Г. Трансфер-агенттік қызметтер

Бағалы қағаздардың ұлттық рыногының техникалық инфрақұрылымын дамытудың негізгі міндеті болып, елдің әртүрлі аймақтарында тұратын, Қазақстан халқының қаржылық ұйымдардың қызметтеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету болып табылады. Ұжымдық инвесторлаудың схемасын дамытуды ынталандыру үшін брокер-дилерлер бағалы қағаздарды тарату үшін бағалы қағаздар рыногында трансфер-агенттердің желісін пайдалана алады. Бұл схема инвестициялық бағдарламаға халықтың басым бөлігін тарту үшін барлық мүмкін ресурстарды пайдалануға мүмкіндік береді.

Клиенттерді тартуға және бекітуге, ұзақ мерзімді өзара пайдалы серіктестік жүйесін құру алдыңғы қатарлы ақпараттық-технологияларды пайдалану, клиенттердің қаражаттарын сенімді басқару қаржы рыноктарында жеке операцияларды қолдау бағдарламаларының дамуына ықпалын тигізеді.

Ұлттық почта операторының бөлімшелерінің кең желісі негізінде Қазақстанның облыс орталықтарында, аудандарында және қалаларында бағалы қағаздар рыногында жұмыс істейтін, әртүрлі қаржы институттары арасындағы құжаттарды қабылдап-тапсыруды жүзеге асыратын пункттер ашылатын болады.

#### Д. Интернет - бағытталған қызметтер

Телекоммуникацияның дамуы интернет-коммерция базасы негізінде құрылған қызметтердің дамуына септігін тигізеді.

Интернет - бағытталған қызметтерді дамыту негізінде филателиялық өнімдердің жобаларын енгізу, "Интернет арқылы жазылу" жобаларын енгізу, сонымен қатар алдағы уақытта өнімдерді каталог бойынша Интернет арқылы



ауылдық жерлерде	0,4	6,83	0,73	1,10		2,00	1,00	1,00	1,00
қалаларда		2,04	0,33	0,61	1,10				
2. Магистральды тасымалдау жүйесін жетілдіру		1,02	0,05	0,06	0,91				
3 . Почта-жинақтау қызметін дамыту		0,88	0,33	0,2	0,35				
Жиыны:	0,4	10,77	1,44	1,97	2,36	2,00	1,00	1,00	1,00

**Ескерту. 2-кесте жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.01.26. N 48 Қаулысымен.**

## **7. Бағдарламаны жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер**

Жоспарланған бағдарламаның орындалуы қаржыландыру көздерін қалыптастыру ауқымына тікелей байланысты бұл Ұлттық почта операторына халықаралық стандарттау деңгейіндегі, еліміздің барлық аумақтарында почта-жинақтау жүйесінің қызметін пайдалануға ерікті кіре алатындай дамыған өңірлік инфрақұрылымды жасауға мүмкіндік береді.

Ұлттық почта операторының материалдық-техникалық базасын жақсарту және қазіргі заманғы технологияларды енгізу почта-жинақтау қызметтерін жоғары сапалы деңгейде көрсетуіне мүмкіндік туғызады: облысаралық почта тасымалдау бағытының жиілігі аптасына 5 рет, ауданаралық бағытының жиілігі аптасына 4 ретке дейін, еліміздің барлық аумағында почтамен ақша аудару бір күн ішінде жүзеге асырылатын болады. Почта тасымалдау жиілігін асыру облыс орталығы мен аудан (қала) орталығы аралығындағы почталық жөнелтімдерін жеткізу мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді. Почта-жинақ жүйесінің қызмет көрсету спектрін түр-түрімен қатар ажырауын бәсеңдету және қала мен ауыл арасына оны жеткізу сапасы ауыл аумақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуына қолайлы жағдай туғызады.

Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесінің дамуын, электрондық үкіметті, тұрғын үй құрылыс жинақтау жүйесін, қаржы секторын, шағын және орта бизнесті, әсіресе ауылдық жерлерде зейнетақы реформасын қоса алғанда, Ұлттық почта операторының инфрақұрылымын маңызды мемлекеттік бағдарламалармен біріктіру мемлекеттің экономикасының жедел дамуына с е п т і г і н т и г і з е д і .

Почта бөлімшелері арқылы кеңейтілген ауқымдағы қаржылық қызметтер көрсетілетін болады, терминал желісі мен смарт-карталар технологиясы негізінде маңызды және өз шығынын ақтай алатын алдыңғы қатарлы өнімдер енгізілген. Почталық жинақтаудың арқасында қаржылық қызмет көрсету, табыс көлемі



төмен және орта адамдардың барлығына бірдей қол жетімді болады.

Почта-жинақтау жүйесінің қызмет ауқымын жаңа сапалы көлемде кеңейту Ұлттық почта операторының өндірістік-қаржылық қызметінің жақсаруына әсер етеді және оның қызметінің өркендеп, толықтай жетілуіне қажетті рентабельдік деңгейін қамтамасыз етеді.

Ұлттық почта операторының жетістіктерін ескере келе, 2003 жылмен салыстырғанда 2011 жылы мынадай нәтижелер күтілуде:

мерзімді басылымға жазылуды 1,7 есеге немесе жыл сайынғы өсуді орташа 5-10 % қамтамасыз етіп, қосымша 84,7 млн. данаға, хаттар мен бандерольдарды жеткізуді - 4 есеге немесе жыл сайын орташа есеппен 15% өсіріп, 48,1 млн. бірлікке, сәлемдемелер жіберуді - 3 есеге (жыл сайын орташа есеппен 11%) немесе 2,4 млн. бірлікке өсіру.

курьерлік қызмет көрсету рыногының үлесін 30% дейін, зейнетақы мен жәрдемақыны - 60% дейін, жалақы төлеу мен басқа да ақшалай төлемдерді - 15% дейін, коммуналдық, салық және басқа төлемдерді - 10% дейін, жедел почта аударымдарын - 22% дейін көтеру;

таза табыс өсімін 4 есеге - 606,8 млн. теңгеге дейін, жеке орташа айлық еңбекақысын 4,2 есеге - 59,1 мың теңгеге жеткізу;

почта байланысы бөлімшелерін салу есебінен өзінің почта байланысы желісін көбейту арқылы ауылдық жерлерде почта байланысы бөлімшелерін күрделі және техникалық жайластыру деңгейін 25,7 %-ға көтеру; ауылдық жерлерде Интернетке қоғамдық қолжеткізу пункттерінің желісін 142 бірлікке кеңейту; жоғары сапалы деңгейде көрсетілетін почта-қаржы қызметтерінің кеңейтілген түр-түрімен ауыл тұрғындарын қамтуды 2 есеге арттыру.

Почта-жинақтау жүйесін дамытудың 2011 жылға көзделген іс-шараларының іске асырылуы оның динамикалық дамуын қамтамасыз етеді және Ұлттық почта операторын 2007 жылдан дивиденд төлеу арқылы мемлекеттің қаржы төлемін қайтаруға мүмкіндік туғызады. Одан басқа, мемлекеттік бюджетке салық төлеу едәуір өседі, 2011 жылы бір жылға 3 млрд. теңгеге көтеріледі.

Тұрақты және нәтижелі жұмыс істеген почта-жинақтау жүйесі Қазақстанның почта саласының дамуына септігін тигізеді және еліміздің барлық аумағында сапалы, әмбебап почта қызметтерін қалыптастырады.

**Ескерту. 7-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.01.26. N 48**

**Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының  
почта-жинақтау жүйесін  
дамытудың 2005-2011 жылдарға  
арналған бағдарламасына  
1 Қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.01.26 N 48 ;  
2009.05.15 N 730 Қаулыларымен.

## Бағдарламаны Іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

P/c N	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Орындалуына жауаптылар	Орындалу мерзімі	Күтілетін шығындар	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
1 кезең. Ұлттық почта операторының материалдық-техникалық базасын жаңғырту және қазіргі заманғы технологияларды енгізу						
1. Материалдық-техникалық базаны жаңғырту						
1.1	Ұлттық оператордың материалдық-техникалық базасын жаңғырту үшін негізгі құралдар мен активтерді сатып алу жоспарын әзірлеу	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2005 ж. I тоқсан	Талап етілмейді	
1.2. Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде ауылдық жерлерде почта-жинақтау жүйесін дамыту бойынша іс-шаралар						
1.2.1	Почта-жинақтау жүйесін дамыту жоспарланып отырған ауылдық елді мекендердің тізбесі әзірленсін және Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісілсін	АШМ бұйрығы	"Қазпочта" АҚ, АБА, АШМ	2005 ж. I тоқсан	Талап етілмейді	
1.2.2	ПБАБ 2005 жылы - 30 ғимаратына, 2006 жылы - 142 ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2005 ж. III-IV тоқсан	200,0	Республикалық бюджет
				2006 ж. III-IV тоқсан		
1.2.3	ПБАБ 2005 жылы - 582 комплект, 2006 жылы - 581 комплект жиһазбен қамтамасыз ету	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2005 ж. III-IV тоқсан	91,5	Республикалық бюджет
				2006 ж. III-IV тоқсан		
1.2.4	Ауылда ПББ жылжымалы желісін 2005 жылы 58 бірлікке ұлғайту	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2005 ж. III-IV тоқсан	139,2	Республикалық бюджет
1.2.5	Почта вагондары паркін 2005 жылы - 5 бірлікке, 2006 жылы 15 бірлікке қалпына келтіру	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2005 ж. III-IV тоқсан	285,5	Республикалық бюджет
				2006 ж. III-IV тоқсан		

1.2.6	Ауылдық жерлерде почта жәшіктері желілерін 2005 жылы 2000 бірлікке кеңейту	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2005 ж. III-IV тоқсан	37,7	Республикалық бюджет	
1.2.7	Ауылдық жерлерде 9 бірлік ғимараттар мен жайларды сатып алу	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2005 ж. III-IV тоқсан	30,0	Республикалық бюджет	
1.2.8	142 АПББ жиһазбен қамтамасыз ету	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2008ж. IV тоқсан - 2009ж. I I I тоқсан	80,8	Республикалық бюджет	
1.2.9	Құрылыс пен техникалық бекемдеуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау: 2008 жылы - 142 АПББ;	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2008 ж. IV тоқсан - 2009 ж. III тоқсан	1 598,6	Республикалық бюджет	
	2010 жылы - 82 АПББ;			2010 ж. II тоқсан - 2011 ж. I тоқсан	1 000,0		
	2011 жылы - 82 АПББ			2011 ж. IV тоқсан	1 000,0		
1.3. Қалаларда инфрақұрылымдарды дамыту бойынша іс-шаралар							
1.3.1	Қалаларда 2005 жылы - 1 ғимаратқа,	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2005 ж. III-IV тоқсан	120,0	Республикалық бюджет	
	2006 жылы - 175 ғимаратқа			2006 ж. III-IV тоқсан			502,7
	2005 жылы - 201 ғимаратқа күрделі жөндеу жүргізу			2007 ж. III-IV тоқсан			1025,5
1.3.2	ОФ, ОА, ПБҚБ, ПБАБ қоса алғанда, 725 объектілерде техникалық қауіпсіздік құралдарын орнату	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2005 ж. III-IV тоқсан 2006 ж. III-IV тоқсан	151,9 66,0	Республикалық бюджет	

1.3.3

ПБҚБ 2005 жылы - 223  
комплект, 2006 жылы - 311  
комплект, 2007 жылы - 425  
комплект жиһазбен  
қамтамасыз ету

АБА-ға ақпарат  
ұсыну

"Қазпочта" АҚ  
(келісім  
бойынша)

2005 ж. ІІІ-ІV тоқсан	57,8
2006 ж. ІІІ-ІV тоқсан	45,2
2007 ж. ІІІ-ІV тоқсан	72,0

						бюджет
1.4. Магистральдық тасымалдау жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар						
1.4.1	Брондалған автокөлік паркін 2006 жылы - 17 бірлікке, 2007 жылы - 38 бірлікке ұлғайту	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2006 ж. III-IV тоқсан 2007 ж. III-IV тоқсан	56,1 125,4	Республикалық бюджет
1.4.2	2007 жылы автомобиль паркін жалпы мақсаттағы 300 автомобильді қалпына келтіру	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2005 ж. III-IV тоқсан 2007 ж. III-IV тоқсан	47,5 427,5	Республикалық бюджет
1.4.3	Почта вагондары паркін 2005 жылы - 1 бірлікке, 2006 жылы - 9 бірлікке қалпына келтіру	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2005 ж. III-IV тоқсан 2007 ж. III-IV тоқсан	47,5 427,5	Республикалық бюджет
1.4.4	2007 жылы 7 вагонға күрделі қалпына келтіру жөндеу жұмыстарын жүргізу	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2007 ж. III-IV тоқсан	63,0	Республикалық бюджет
1.5. Почта-жинақтау қызметтерін дамыту бойынша іс-шаралар						
1.5.1	Кассалық техникалармен 2005 жылы - 257 бірлікке, 2006 жылы - 977 бірлікке, 2007 жылы - 192 бірлікке	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2005 ж. III-IV тоқсан 2006 ж. III-IV тоқсан 2007 ж. III-IV тоқсан	86,7 201,8 55,9	Республикалық бюджет
1.5.2	2005 жылы банк жабдықтарын саны 1372 бірлікте пайдалануға енгізу	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2005 ж. III-IV тоқсан	219,3	Республикалық бюджет
1.5.3	2007 жылы компьютер жабдықтарын саны 1211 комплектке ауыстыру	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2007 ж. III-IV тоқсан	194,6	Республикалық бюджет
1.5.4	2007 жылы Астана қ. почтампы базасында "Қазпочта" АҚ резервтік есептік орталығын құру	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2007 ж. III-IV тоқсан	98,2	Республикалық бюджет
1.5.5	Төлем карточкалары бойынша клиенттер есебі базасын жүргізу үшін бағдарламалық камсыздандыруды орнату	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2007 ж. III-IV тоқсан	25,5	Республикалық бюджет

1.5.6	142 жиынтық мөлшерінде компьютерлік техника сатып алу	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2008 ж. I V тоқсан - 2009 ж. III тоқсан	124,7	Республикалық бюджет
1.5.7	Саны 142 бірлік телекоммуникациялық жабдық сатып алу	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2008 ж. IV тоқсан - 2009 ж. III тоқсан	181,7	Республикалық бюджет
1.5.8	АПББ үшін саны 142 бірлік "Қазпочта" АҚ қоғамдық қол жеткізу пунктін басқару жүйесін орнату	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2008 ж. IV тоқсан - 2009 ж. III тоқсан	14,2	Республикалық бюджет

## 2. Баға саясатын жетілдіру

2.1	Шығындарды бөлу жөніндегі, қызмет көрсетулер құнын анықтау почталық байланысы саласында тарифтерді есептеу әдістемесін енгізу	АБА бұйрығы	А Б А , "Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2005 ж. I тоқсан	Талап етілмейді	
2.2	Вагондардың жүру бағасын және почталық байланыстың жалпыға бірдей қызмет көрсетулерінің бағасын бірдей реттеуді жүргізу	АБА бұйрығы	А Б А , "Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	Қажет болғанша	Талап етілмейді	

## 3. Сапаның халықаралық стандарттарына көшу

3.1	Ұлттық почта операторының почталық байланыс объектілері индекстері Анықтамалығын бекіту	АБА бұйрығы	А Б А , "Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2005 ж. I тоқсан	Талап етілмейді	
3.2	Ұлттық почта операторының қызметін реттейтін нормативті құқықты кесімдердің электронды базасын жасау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2005 ж. II тоқсаны	Талап етілмейді	
3.3	Халықаралық қаржы жүйесі арқылы басқа мемлекеттердің почта операторларымен ұлттық почта операторы арасында электронды ақша аударымдарын енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2006 ж. IV тоқсаны	Талап етілмейді	
3.4	Ұлттық почта операторының корпоративті ақпараттық жүйесін енгізу	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2006 ж. IV тоқсаны	Талап етілмейді	

3.5	Жаңа қызмет көрсетулерін енгізу және іске асыру					
3.5.1	Төлем карточкалары					
3.5.1.1	Төлем карточкаларын шығаруды ұйымдастыру	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2005 ж. II тоқсаны		
3.5.1.2	Салым операцияларын несиелік операцияларымен қосу арқылы қызметтер көрсету және төлем карточкалары арқылы ақшасыз есеп төлемдерін жүзеге асыру	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2006 ж. IV тоқсаны	Талап етілмейді	
3.5.1.3	Клиенттерге жеке қызмет көрсету үшін төлем карточкалары бойынша қызметтер көрсету	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2006 ж. IV тоқсаны	Талап етілмейді	
3.5.2	Трансфер-агенттік қызмет көрсетулер					
3.5.2.1	Трансфер-агенттік қызметтер көрсету үшін пункттер ашу	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2006 ж. III-IV тоқсаны	80,0	Жеке қаражаттар
3.5.3	Интернет-бағытталған қызметтер					
3.5.3.1	Интернет-коммерция қызметтерін көрсету	АБА-ға ақпарат ұсыну	"Қазпочта" АҚ (келісім бойынша)	2006 ж. IV тоқсаны	Талап етілмейді	
	Барлық қаражат (млн. теңге), соның ішінде	10778,4				
	2005 жылы	1444,7				
	2006 жылы	1971,7				
	2007 жылы	2362,0				
	2008 жылы	2000,0				
	2009 жылы	1000,0				
	2010 жылы	1000,0				
	2011 жылы	1000,0				

### Пайдаланылған қысқартулар

АБА - Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі

ТМРА - Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу агенттігі

ҚРЗ - Қазақстан Республикасының Заңы

ҚТЖ - "Қазақстан темір жолы ҰК" акционерлік қоғамы

ККМ - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

АШМ - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

ҚР - Қазақстан Республикасы

ПБАБ - Почта байланысының селолық бөлімшесі  
ПБҚБ - Почта байланысының қалалық бөлімшесі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ